

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№23 (10 278)

13 маусым

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ – ЖОМАРТ ТОҚАЕВ пен СЛОВАКИЯ ПРЕМЬЕР – МИНИСТРІ РОБЕРТ ФИЦО БАҚ ӨКІЛДЕРІ АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



экспорттауға дайын. Сондай-ақ, энергетика, машина жасау, ауылшаруашылығы, цифрландыру, туризм саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Әскери-техникалық байланыстың әлеуеті зор. Бұған қоса, біз келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін бірге пайдалану жайын талқыладық. Бұл – стратегиялық маңызы бар сауда жолының бірі. Мен словакиялық серіктестерімізді

осы дәлізді дамыту жобасына қатысуға шақырдым. Бұл саладағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тың серпін беруге тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз Словакияның су ресурстарын басқару ісіндегі озық тәжірибесін зерделеп, бірлесе жұмыс істеуге дайын.

– Біз мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтудың маңызы екеніне тоқталдық. Словакияда еңбек етіп жүрген Қазақстан

азаматтарының әлеуметтік жағдайына және құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудардық. Сондай-ақ, білім саласындағы байланыстарды тереңдету жайын талқыладық. Жастарымыз екі елдің жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Олар біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыра түседі деп ойлаймын. Біздің қарым-қатынасымыздың тарихы терең. Қазақ жауынгерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Словакияны азат етуге белсене атсалысты.

Осыған орай, Роберт Фицо мырза Отан қорғаушылар монументіне барып, батырлардың рухына тағзым етті. Осылайша, адамзат үшін қиын кезеңде бастау алған қазақ-словак достығы бүгінге дейін жалғасып, нығайып келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі келіссөзде халықаралық және аймақтық мәселелерге де назар аударылғанын жеткізді.

– Әлемдегі геосаяси ахуал, жаһандық текетірестер мен сауда соғысы бірімізді алаңдатып отыр. Екі тарап та бұл түйткілдер бейбіт жолмен шешілуі керек деп санайды. Елдеріміздің халықаралық ұйымдар аясындағы байланысы нығайып келеді. Атап айтқанда, достығымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында дамып жатыр. Көптеген жаһандық үрдістер мен сын-кәтерлерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз көпжақты дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге ерекше мән береміз. Бүгінгі келіссөз қарым-қатынасымыздың өзара тиімді сипатын тағы да нақтылай түсті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-словак ықпалдастығы жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі сапар барысында екіжақты қатынастардың барлық саласы талқыландығанын айтып, келіссөздер қорытындысын жоғары бағалады.

– Біз алға қарай үлкен қадам бастық. Бүгінгі уағдаластықтар қол қойылған тиісті келісімшарттар мен өзара тиімді ынтымақтастықта айқын көрініс табады деп ойлаймын, – деді Роберт Фицо.

Қазақстан Президенті мен Словакия Премьер-министрі кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді



Шағын құрамдағы кездесуден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Роберт Фицо келіссөзді екі ел делегацияларының қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Словакияның Қазақстанның Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады. – Словакия Еуропа Одағына мүше мемлекеттердің ішінде айтарлықтай белсенді әрі қарқынды дамып келе жатқан

елдердің бірі. Бұл жетістік Сіздің Үкімет басшысы ретіндегі көреген көшбасшылығыңызды көрсетеді. Словакияның аймақтық және халықаралық істерге қатысты айқын ұстанымы Сіздің сындарлы жаһандық дамуға бейіл екеніңізді дәлелдейді. Мен саяси диалогтың беки түскенін, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың дамуын, сондай-ақ көпжақты форматтағы ықпалдастықтың тиімді іске асы-

рылуын жоғары бағалаймын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Астана мен Братислава арасындағы ынтымақтастық берік құқықтық базаға арқа сүйейді. Ол барлық бағытты қамтиды. Қазақстан Словакиямен күн тәртібіндегі екіжақты және көпжақты серіктестікті тереңдетуге ниетті.

Мемлекет басшысы экономикалық әріптестікке баса

назар аудару қажет деп санайды. Былтыр тауар айналымы 140 миллион долларды құраған. Қазақстанда Словакияның 30-дан астам компаниясы жұмыс істейді және 22 бірлескен кәсіпорны түрлі секторда қызмет етіп жатыр.

Қазақстан Президенті ынтымақтастықты одан әрі әртараптандырудың маңызына тоқталды. Мемлекет басшысы энергетика, өнеркәсіп өндірісі,

ауылшаруашылығы, логистика, цифрландыру, аса маңызды шикізат материалдары, білім және туризм салаларында мол мүмкіндік бар деп санайды.

Словакия Премьер-министрі Мемлекет басшысына өзіне және делегациясына қазақ жерінде көрсетілген құрмет үшін алғыс айтты.

– 1944-1945 жылдары Словакияны азат етуге қосқан өлшеусіз үлестеріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Кеңес әскері сапында Қазақстанның миллионда жуық сарбазы қан майданда шайқасты. Олардың ішінде 60 мыңға тарта жауынгер Словакияны жаудан қорғау үшін жанын құда етті. Сол сұрапыл уақытта Словакияға жасаған жақсылықтарыңызды ешқашан ұмытпаймыз. Жоғары Мәртебелі, Сіздің еліңізді дамытуға және Әділетті әрі Өркендеген Қазақстанды құруға бағытталған өршіл бастамаларыңызды асқан қызығушылықпен бақылап отырымыз. Еуропа Одағындағы әріптестеріме тек Ұйым шеңберіндегі жұмыспен шектелмей, әлемге кеңінен қарап, өзге де мемлекеттердің жетістіктерін зерделеу керек екенін үнемі айтып келемін. Біз дүние жүзіндегі серіктестерімізбен белсенді ықпалдастық орнатып, ынтымақтастықты нығайта беруіміз қажет, – деді Роберт Фицо.

Келіссөз барысында тараптар қазақ-словак байланысын дамытуға ықпал ететін серіктестікті одан әрі нығайтуға, жаңа бастамаларды іске асыруға бейіл екенін растады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА - 3 ЖЫЛ:

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҒЫ
АЯСЫНДА ТАҒЫ 3 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛДЫ

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

18 км қашықтықта орналасқан. Округте 1400-тен астам адам тұрады, соның 116-сы – жастар. Нысанның жалпы алаңы 674 шаршы метрден асады. Бір қабатты мәдениет үйінде 250 орынды көрермен залы, сахна, сол сияқты домбыра, би, ән үйірмелеріне арналған кабинеттер бар. Мұнда 7 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Атап өтсек, соңғы жылдарда Қаратал ауданында Ескелді, Жаңаталап, Көлпе ауылдарында мәдениет үйлері салынып, қолданысқа берілсе, биыл Алматы, Тастөбе, Көпбірлік ауылдарында клубтар бой көтеруде.

Ал, демеушілердің көмегімен тұрғызылған, ішінде қосымша бакс залы бар үстел теннисі орталығы Көлпе ауылында іске қосылды. Нысанда екі негізгі зал бар, біреуіне теннис үстелдері қойылса, екіншісі боксқа арнап жабдықталған.

Бокс үйірмесіне қатысушылардың бірі:

Бокспен айналысып жүргеніме 1 жылдай болды. Бұған дейін Үштөбе қаласындағы спорт кешеніне жаттығу үшін арнайы барып-қайтатынбыз. Бүгін өз туған ауылымызда бокс залы ашылып, қуанып жатырмыз. Енді ешқандай сабылудың қажеті жоқ, жаңа залда алаңсыз жаттығуға барлық мүмкіндік жасалған, - дейді Көлпе орта мектебінің 10-сынып оқушысы Рүстем Бәкен.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттерді түсірген:
Жұмабай МҰСАБЕКОВ, сол
сияқты Қаратал ауданының әкімдігі ұсынды.

Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай тағы 3 әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Алакөл ауданында өңірдегі үшінші Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Қаратал ауданында мәдениет үйі мен теннис орталығы ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, алғашқы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы Талдықорған қаласында, кейін Сарқан ауданында пайдалануға берілген еді. Енді осындай маңызды әлеуметтік жоба Алакөл ауданы Үшарал қаласында ашылып отыр. Бұл аудандағы 2200 зейнеткер үшін қуанышты жаңалық болды.

Орталық қарт адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту мақсатында іске асырылып отыр. Екі қабатты ғимараттың 1-қабатында мәжіліс залы, ас бөлме, тренажер залы орналаса, 2-қабатта дәрігер мен массажистің кабинеті, үстел ойындары мен тренажер залы, би, йога

залы, ән және вокал кабинеті, тігін залы бар. Мұнда терапевт, массажист, йога мен көркем гимнастика нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, музыка және бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері жұмыс істейді. Орталықта жалпы саны 7 жаңа жұмыс орны ашылды, - дейді нысан директоры Алматы Садиев.

Орталықтың ашылуына орай жергілікті ардагерлер де өз пікірлерін білдірді.

Белсенді өмір ұзақ өмір сүру орталығының жұмысы біздің денсаулығымызды жақсартып қана қоймай, спортпен айналысуға, қалаған ісімізбен айналысуға, жаңа машықтарды меңгеруімізге көмектеседі. Адам өмір бойы үйренеді, сондықтан жаңа дүниелерді үйренуге ешқашан кеш емес. Өзіміз үшін де, жас ұрпақтың тәрбиесі үшін де заманға сай жеке тұлға ретінде үздіксіз даму пайдалы, - дейді Болатбек Нүсіпбекұлы.

Сол сияқты осы күні Қаратал ауданының екі ауылында бірдей жаңа нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Айту би ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылында мәдениет үйі есігін айқара ашты. Көкпекті ауылы аудан орталығынан

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 3 ЖЫЛ ТОЛУЫНА
ОРАЙ ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ОН СЕГІЗІНШІ
НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бүгін Жетісу облысының құрылғанына үш жыл толуына орай өңірде жаңа су электр станциясы пайдалануға берілді. Қора өзенінде салынған бұл ГЭС – өңірдегі жаңартылған энергия көздерінің 18-ші нысаны. Жаңа ГЭС-тің жылдық қуаты 26 МВт, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ескелді ауданының Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын іске қосу салтанатында алдымен станция құрылысы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімхановтың бейнеқұттықтауы берілді. Сондай-ақ іс-шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов облыстың құрылғанына 3 жыл толуына және жаңа нысанның ашылуына орай құттықтау тілегін білдірді:

Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын пайдалануға беру – Қазақстанның энергетика саласын дамытудағы ауқымды стратегияның бір бөлігі. Жалпы гидроэнергетика елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарып, парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қол жеткізуге ықпал етеді. Сондықтан бұл нысан – сенімді энергия көзі ғана емес, сонымен қатар экологияны сақтауға деген маңызды қадам. Қора өзеніндегі ГЭС-3 жобасы инфрақұрылымды дамытуға және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді деп сенеміз. Су электр станциясының жұмысы жемісті болып, өңіріміздің дамуына үлес қосуына тілектеспін, - деді Ә.Қанағатов.

Өз кезегінде жобаны жүзеге асырушы «Қора ГЭС-2» ЖШС-ның директоры М.Тукенов пен құрылтайшысы «АСПМК-519» ЖШС бас директоры А.Сычов сөз сөйлеп, атқарушы орган мен бизнестің әріптестігі, кәсіпкерлік саласына көрсетіліп отырған қолдаулар жайлы айтып, энергетика саласын дамытуға әрдайым дайын екендіктерін жеткізді. Сондай-ақ А.Сычов: «Облыстың 3 жылдығына сый ретінде бүгін Құрбан айт мерекесінде Текелі қаласындағы саябақты реконструкциядан өткізуге 50 млн. теңге бөлетінімізді жеткізім келеді. Біз бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін естен шығармаймыз», - деді ол.

Мұнан соң қызыл тетік басылып, ГЭС символдық түрде іске қосылды. Ресми қонақтар ГЭС-тің жұмыс процесімен танысып, ішін аралап көрді.

ГЭС бастығы Илияс Хамитовтің айтуынша, жобаға 10,5 млрд. теңге жеке инвестиция тартылып, 21 тұрақты жұмыс орны құрылды.

Бұл станцияда мамандар тәулігі бойы екі ауысыммен жұмыс істейді. Жұмыс негізінен автоматтандырылған. Мамандар текқондырғылардың



жұмысын бақылап отырады. Станцияда Австрияда жасалған гидроагрегат қондырғылары орнатылған. Қазіргі кезде австриялық мамандар екі жылдық сервистік қызмет аясында қондырғылардың дұрыс жұмыс жасауын қашықтан қадағалап отыр. Ары қарай өзіміздің мамандар жұмысты толықтай өздері жүргізеді. Жалпы бұл ГЭС электр энергиясына жыл сайын артып келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге, электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сол сияқты жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың әл-ауқатын көтеруге ықпал етеді, - дейді ГЭС бастығы.

Жаңа нысанға тұрақты жұмысқа орналасқан мамандардың бірі текелілік Асхат Хамитов.

Өзім Текелі қаласында турамын. Текелі қаласының кәсіптік колледжін бітірдім. Колледжді бітірген соң бірден «Қора ГЭС-2» ЖШС-ға жұмысқа тұрып, бір жылдан бері осында еңбек етемін. Осы өңірден өз мамандығым бойынша жұмыс табылғанына қуандым. Мұнда гирдотехника қондырғыларының слесарімін. Маған өз жұмысым ұнайды. Жас маман ретінде тәжірибе жинап, көп нәрсе үйрендім, - дейді А.Хамитов.

Қазіргі кезде облыста Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында белгіленген қуаттылығы 225,4 МВт болатын жалпы саны 17 жаңартылған энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істейді. Бүгінгі ашылған станция – өңірдегі 18-ші ГЭС. Жыл соңына дейін белгіленген қуаттылығы 20,6 МВт болатын, жалпы құны 10,4 млрд. теңгелік 2 су электр станциясының жобасын аяқтау жоспарлануда. Атап өтсек, жыл басынан бері Жетісу облысында өндірілген электр энергиясы 247,3 млн. кВт/сағ, оның ішінде ЖЭК үлесі – 191,8 млн.кВт / сағ, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16%-ға артық.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісудан шыққан
танымал азаматтар облыстың 3
жылдығымен құттықтады

Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай Жетісуда туған елімізге танымал тұлғалардың бейнеқұттықтаулары жолдануда. Құттықтаушылар қатарында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, мәдениет, білім, спорт саласының қайраткерлері т.б. танымал азаматтар бар, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алғашқылардың бірі болып құттықтағандардың ішінде қазақстандық ұшқыш, Әскери-әуе Күштерінің генерал-майоры Айдын Айымбетов те бар. «Құрметті жерлестер! Баршаңызды облыстың 3 жылдығымен құттықтаймын. Облыста осы үш жыл ішінде тұрғын үйлер салынып, жаңа шағын аудандар бой көтеруде. Жолдар жөнделіп, туризм дамытылуда. Туған өңіріміз бұдан әрі де өсіп-өркендей берсін!», - деді ұшқыш, Халық Қаһарманы Айдын Айымбетов.

Жетісулықтарға Парламенттің VII шақырылымының депутаты, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен де ізгі тілегін жолдап: «Үш жылдық мерекемен құттықтай отырып, Жетісуымның елінде, жерінде, шалғай әрбір ауылында береке-бірліктің болғанын тілеймін. Жетісу халқының еңсесі биік, болашағы кемел болсын. Жастары жарқырап өсе берсін», - деді ол.

Кеңестік және қазақстандық киноактер, Қазақ КСР Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржұман Ықтымбаев та құттықтаудан шет қалмай: «Үш жылда Жетісу деген облыс пайда болды, отыз жылда атқарылатын нәрсе істелді. Талдықорғанға кетіп бара жатқанда, көлікті тоқтатып, Мұқыры тауының төбесіне шығып, сүйсініп қарап тұрамын. Талдықорған қаласы болсын, Қаратал, Көксу, Кербұлақ, Панфилов аудандары болсын, бәрі де керемет өзгерген. Тау қопарғандай іс атқарылды. Тойлардың құтты болсын, ағайын-туғандар!» - деп тілегін білдірді.

Құттықтауларға танымал спортшылар да қосылды.

Өзіміздің және өңірдің паралимпиадалықтарының атынан жетісулықтарды облыстың құрылғанына үш жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Өр отбасына денсаулық, амандық, еңбекте табыс тілеймін, - деді қазақстандық пауэрлифтинг, Рио-де-Жанейродағы 2016 жылғы жазғы Паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері Раушан Қойшыбаева.

Жас ұрпақ өкілдері де жылы тілектерін жолдады. Олардың арасында Астана қаласындағы «Жастар» театрының әртістері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері Азамат Есқұл мен Дәурен Серғазин де бар:

Жер жаннаты Жетісу ақындардың, батырлардың елі, өңірден сондай танымал адамдар көптеп шыға берсін. Біздің сүйікті облысымыздың 3 жылдығымен барша жетісулықтарды құттықтап, Қапал ауылы мен Жаркент қаласының тұрғындарына ерекше жалынды сәлем жолдаймыз, - деді олар.

Атап өтсек, әртүрлі салада еңбек етіп жүрген танымал адамдардан 20-дан астам бейне құттықтаулар келіп түсті.

Еске салсақ, сол сияқты аймақтың 3 жылдағы негізгі жетістіктері туралы облыстық «Жетісу» телеарнасы фильм дайындаған болатын.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жасыл болашаққа қадам:
Талдықорғанда экологиялық
шара ұйымдастырылды

Талдықорғанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше форматтағы шара – «Табиғаттан эко-сыйлықтар» экологиялық акциясы өтті. Бұл бастама тек сенбілік не бір күндік шара емес, ол – табиғатқа деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған қоғамдық үндеу, экологиялық мәдениеттің нақты көрінісі.

Іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушыларға ұсынылған ерекше эко-сыйлықтар. «Посади своё будущее!» деген мағыналы ұранмен берілген конверттердің ішінде өсімдік тұқымдары салынған. Бұл – жай ғана тұқым емес, әр адамның табиғатқа жасаған нақты қамқорлық әрекетінің бастауы. Қатысушылар сол тұқымдарды өз үйлерінің ауласында немесе қоғамдық жерлерде отырғызып, табиғатпен тікелей байланыс орнатты.

Акция барысында Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы шараның мән-мазмұнына ерекше тоқталды.

Бүгін біз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан ерекше форматтағы «Табиғаттан эко-сыйлықтар» атты маңызды шарада бас қосып отырмыз. Бұл шара – жай ғана экологиялық акция емес. Бұл –

Таза
Қазақстан

болашақ ұрпақ үшін, табиғатты аялау мен оны сақтауға деген ортақ жауапкершілігімізді сезінудің, сонымен қатар экологиялық мәдениетті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырудың нақты қадамы, - деді ол.

Шараның мақсаты – қоғамда экологиялық сананы арттыру, жастарды белсенді экологиялық қозғалысқа тарту және әр адамға табиғаттың бізге аманат екенін ұғындыру.

«Табиғаттан эко-сыйлықтар» — бұл жасыл болашаққа жол ашатын бастама. Бұл шара арқылы Талдықорған жастары табиғатқа жанаашырлық танытып қана қоймай, қоғамға экологиялық тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетті.

**ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША
ДАЙЫНДАЛДЫ.**

Ұстаздан шәкірт озса – бақыт



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



Білім саласында жарты ғасыр еңбек еттім, миллионнан аса шәкірттерге сапалы білім беріп, жеке тұлға болып өсулеріне, балауса балапан кездерінен болашақта мамандық тандауға бағыт беріп, мақсат қоя білуге, сол мақсатты арманмен ұласа орындалуы керектігін жеткізуге тырыстым. Делірік айтқанда, әр шәкірттің өмірден ойып орын алуларына бағыт - бағдар беріп, сілтеме жасадым. «Бұлақ көрсең көзің аш», - демекші сонау бастауыш кластан бастап - ақ әр шәкірттің қабылдау деңгейін, білімге ұмтылысын, өнерге деген ынтасын бейімділігін зерттей отырып, нәтижесіне қарай сәби санасын болашаққа бағыттай тәрбиеледім.

Жетісу өңірінде өмірге келіп жерлестеріне, жұртшылыққа үлгі боларлықтай оқып, еңбек етіп, еліміздің әр аймағында Отан болашағын дамуына үлестерін қосып, білімді де, білікті азамат болып өмірден орындарын тауып жүргендіктерінен хабардар болып, ұстаз ретінде қуанамын. Тәрбиенің мұндай сапалы да, нәтижелі са- тыларынан қиналмай өтіп, өмір өрлеріне биіктегендіктеріне риза- мын. Шәкірттеріміздің армандаған мамандықтарына қол жеткізуі, еңбегіміздің елеулі жетістікке жеткендігін көрсетеді.

Иә, мен еңбегім жанған ұстазбын. Ұстаздан шәкірт озса – бақыт деген. Шәкірттеріміздің білімді - ғылыммен байланыс-

тырып, шет елдерге еңбек етіп жүргендері қаншама.

Абай ағамыз «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», - дегендей ең бастысы өмірден орын- дарын тапты. Әр атаулы күндерге, атаулы күндерімде шәкірттерім телефон шалып, қал - жағдайымды біліп, құттықтап, қуанышыма ортақтасып жататындықтары жа- нымды жадыратады. Солардың бірі - арынды Ақсудың беделді де берекелі әулетінің ұрпағы Ақмолдаев Әскербек кезінде «Қазанның 60 жылдығы» мектебінің мақтанышы болған. Әскербек ту- ралы айтар жақсы сөздер көп, естеліктер шексіз десем артық емес. Бастауыш класс оқушысы кезінде - ақ жас ерекшелігіне орай шағын өлең шумақтарын тез құрастарып, сондай - ақ, берілген, әсіресе, патриотизмге бағытталған өлең - тақпақтарды мәнеріне келтіріп, рөлге ене, жүрегімен сезіне оқи алатын та- лант еді. Оқуға ынталы, білмеген - түсінбеген заттарды сұрауға, түсінуге, білуге құштар шәкірт - өз сұрағына жауап алмай тынбайтын қасиеті ерекше болатын. Оның бір беткейлігі, өршіл мінезі, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін әділетті қасиеттерін, білімге құштарлығын, өлең талпынған өршілдігін ескеріп, келешекте заң немесе әскери қызметкер болатындығына сенімді едім. Міне, кешегі сәби, балау- са балапан Әскербекім бүгінде 17 жыл 3660 әскеи бөлімшенің штаб бастығының орынбасары

болып қызмет етті. Офицер - ка- питан Айнұр Олжабекқызымен отау құрып, балалы болып, дос - құрдастарына, замандастары- на үлгі боларлықтай өмір сүруге жары Айнұр Олжабекқызы от- басын, жанұясын жан жылуына бөлей білген, жаны сұлу, мінезі ашық, жүрегі жұмсақ, жайдары мейірімді, қайырымды, керемет жан. Алланың берген жағымды мінезі шығар, дүние - мүлікке қызықпайтын, адамгершілік пен ар - ұят, адалдық, әділеттілік пен қайырымдылыққа, өз өміріне де, жанұясына да бағыт - бағдар ете білген. Әскербек туралы әріптесі, замандасы былай дейді. Әскербек атқарып жүрген қызметіне жауапкершілікпен қарайтын, адамгершілігі өте жоғары, мықты азамат. Замандасымызды үлгі тұтамыз. Өкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер де- гендей, балалары да әдепті, ұқыпты, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға мол сауапты. Ол сауаптың қадір - қасиетін білуге, еңбекті сүйуге, білімге ынталы. Ата - аналарының еңбектерін ақтап, болашақта өке жолын қуып, әскери қызмет етуін армандай- тын ұл өсуде. Жуырда ғана өмірге Мұхамед атты ұл келіп, қуанышқа бөленіп жатқандықтарынан ха- бардар боғаным, хабардар еткендіктеріне алғысым шексіз. Шәкірт бақытына, қуанышына ортақтасы - ұстаз үшін ұлы мәртебе емес пе. Шәкірттеріміздің тамырларын тереңге жіберіп, жапырағын жайған бәйтеректей биіктегендерін, көгеріп көбейгендерін білу ұстаз үшін бақыт. Мен бақытты ұстазбын. Әскербек - Айнұр ұстаз-ана ретінде өлең жолдарын арнадым.

Сүйінші хабар естіген соң,
Қалыс тегі қалмадым.
Ұрпағың өсті, көбейді,
Қуаныштан көктемгі күндей
жайнадым.

Мұхаметтің бауы берік болсын.
Өзіңе тартсын, серік болсын.
Шаңырағың әрдайым

қуанышқа толсын,
Алланың қолдауымен жанұяңа
дәулет, бақыт қонсын.

**Ұстаз-ана Закира
НҰРЫШҚЫЗЫ,
ҚР Оқу үздігі,
"Ы.Алтынсарин" төсбелгі
иегері, Ақсу ауданының
"Құрметті азаматы",
еңбек ардагері.**

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ



Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қабылдауға 3 адам жазылды. Олар тұрғын үймен қамту және әлеуметтік көмек мәселелерін көтерді.

Талдықорған қаласының тұрғыны, былтыр тұрғын үйге кезегіне тұрған Маймуна Садрееваның мүддесін білдіруші Аққанбы Егізоваға заңнамаға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй ке- зек тәртібімен ғана берілетіні түсіндірілді.

Қабылдауға келген азаматтар - тұрғын үйде газ жарылысы болу салдарынан өке-шешесінен айырылған талдықорғандық Ернұр Жүкен мен оның қарындастарына ипотекаға сатып алынған үш бөлмелі пәтердің ипотекалық несиесін жабуға демеушілер есебінен қосымша материалдық көмек көрсетілетін болады. Қажетті әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Денсаулық сақтау, Білім беру, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшыларына жағдайды тұрақты бақылауға алу тапсырылды.

Алакөл ауданының тұрғыны Ләззат Ермозанова тұрғын үй заңнамасында «Желтоқсан оқиғасына қатысушы» жеке сана- тын белгілеу, сондай-ақ, әлеуметтік қолдау көрсету мәселесімен жүгінді.

Облыс әкімі тұрғын үй заңнамасына өзгерістер енгізу мәселесі жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде емес екенін, деген- мен әкімдік Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне осы ұсынысты жеткізе алатынын айтты. Әлеуметтік қолдау мәселесіне келсек, жыл сайын облыстық бюджеттен Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға біржолғы материалдық көмек беруге, сондай-ақ, санаторий-курорттық емде- луге қаражат бөлінеді. Алакөл ауданында еске алу аллеясын ашу мәселесін аудан әкімдігі қарайтын болады. Айта кетейік, облыс аумағында Желтоқсан оқиғасына арналған 4 сәулеттік құрылыс бар. Олар – Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы мен Панфилов аудан- ы, Жаркент қаласындағы ескерткіштер, Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы стелла және өткен жылы Талдықорған қаласында ашылған «Желтоқсан желі ызғарлы» монументі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотограф: Женис ЫСҚАБАЙ.

Жетісу облысының "J—LEAGUE" жобасы аясында жасөспірімдер арасында футбол ойынының ақтық кезеңі басталды

Бүгін Жетісу облысының "J-LEAGUE" жобасы аясын- да жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп» ойындарының ақтық кезеңі басталды. Талдықорғандағы «Жетісу» стадионында жарыстың ашылу салтанаты- на облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі, - деп хабар- лайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі өз сөзінде "J-LEAGUE" жобасының бұқаралық спортты дамытудағы іргелі жобалардың бірі екенін, әсіресе ауыл балаларын қолдауға, спортқа бейімдеуге басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Сол сияқты жетісулық жас футболшылардың жуыр- да ел чемпионы атанғанын қуанышпен жеткізді:

- Бір атап өтерлігі, күні кеше ғана 2010 жылғы жасөспірімдер арасында футболдан өткен республика чемпионатында жетісулық жас спортшылар Қазақстан чемпионы атанды. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш! Спорт – адамды табандылық пен тәртіпке үйрететін тәрбиеші, денсаулықтың кепілі. Сондықтан жасөспірімдердің осындай жарыстар арқылы бұқаралық спорт түрлеріне көптеп тарты- луы, салауатты өмір салтын ұстануға деген талпынысы бізді ерекше қуантады. Құрметті жас спортшылар! Бұл жарыс – Сіздердің спорт жолындағы

алғашқы белестеріңіздің бірі. Әр ойында қай-қайсыларыңыз да табандылық танытып, командалық мығым рухпен жеңіске қадам жасайсыздар деп сенемін, - деді Б.Исабаев.

Сонымен қатар Қазақстан фут- бол федерациясының Өңірлік байланыстар департаментінің директоры Марат Такенов және қоғам белсендісі, спорт жана- шыры Виктор Буков та сөз алып, жас спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Мұнан соң аудандық, қалалық футбол феде- рация президенттеріне жасөспірімдердің жергілікті, соның ішінде ауылдық футбол командалары үшін 2000 доп та- ратылды.

Осы орайда жас футболшылар да өз пікірлерін білдірді.

- Жетісу облысының фут- болдан жасөспірімдер командасының ойыншысы Бек- жан Жақсыбай. Талдықорғанда өткен ел чемпионатындағы ақтық ойында Түркістан облысының ко- мандасымен ойнап 2:1 есебімен ұттық. Чемпионатқа қатысқан командалардың бәрі де мықты болды. Бірақ біз басым түсіп, чемпион атандық. Өзім бес жыл- дан бері футболмен айналыса- мын. Орталық қорғаушы ретінде ойнаймын. Ел чемпионатында «Үздік қорғаушы» номинациясын жеңіп алдым. Алдағы уақытта «Жетісу» командасының негізгі құрамында және ұлттық құрамада ойнағым келеді, - деді Жетісу



облысының жасөспірімдер фут- бол командасының ойыншысы Бекжан Жақсыбай.

Сол сияқты бүгін "J-LEAGUE" футбол турнирінің ақтық сы- нана қатысуға келген Ақсу ауданы Қызылағаш ауылындағы І.Жансүгіров атындағы орта мектептің 7 «ә» сынып оқушысы Жеңіс Аслан:

- Футболға қатысып жүргеніме 1 жылдан асты. Командамыз- да 5-7 сынып оқушыларынан құралған. Жаттықтырушымыз Мәди Исағалиев бізге футболдың қыр-сырын жалықпай үйретіп келеді. Мен команданың қорғаушысымын. Ауданда өткен іріктеу турында 5 командамен

ойнап, бәрін ұттық. Бүгін де жеңеміз деген сеніммен келдік. Болашақта Абат Айымбетовтей мықты ойыншы болғым келеді, - деді ол.

Бұдан әрі Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасындағы фут- бол жарысы «Болашақ» стадио- нында басталды.

Атап өтсек, «J-LEAGUE» жобасы - Мемлекет басшы- сы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұқаралық спорт- ты дамыту туралы Ұлттық құрылтайда берілген тапсыр- масына сәйкес Жетісу өңірінде қолға алынған игі бастама. Шараның басты мақсаты -

жасөспірімдер арасында салау- атты өмір салтын насихаттау, экстремизм мен терроризмнің, нашақорлықтың, алкоголизмнің алдын алу, балалардың спортқа деген қызығушылығын артты- рып, жеңіске деген жігерін ояту, тәжірибе жинауына мүмкіндік жасау, демалысын тиімді ұйымдастыру.

Жоба аясында биыл жасөспірімдер арасында фут- болдан «Былғары доп», во- лейболдан «Шұбар доп», баскетболдан «Алтын доп» жа- рыстарын өткізу қолға алынған болатын. 19 сәуір мен 18 мамыр аралығында спорттың аталған түрлерінен аудан-қалаларда іріктеу турнирлері өтіп, оған 887 команда, яғни, 8870 бала қатысқан. Соның ішінде бүгінгі «J-лига» футбол жарысының ақтық сынына 90 үздік команда, 900-ге жуық жас спортшы жол- дама алды. Енді жас футболи- лар арасындағы ақтық жарыс 14 маусымға дейін жалғасады.

Атап өтсек, 3 жас ерекшелігі бойынша жеңімпаз атанған 9 команданың ойыншыларына, яғни, 90 балаға жазғы демалыс лагерьлеріне тегін жолдама беріліп, спорттық киімдер мен доптар сыйға тартылады.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фотосуреттерді
түсірген: Женис ЫСҚАБАЙ.**

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ: Өзгеріске толы үш жыл



анықталды. Осы уақытта 712 мың гектар қайта айналымға қосылып, 500 мың гектардан астамы мемлекет меншігіне қайтарылды.

4. Тұрғын үй құрылысында. Соңғы үш жылда барлық қаржыландыру көздерінен 1 млн. шаршы метр баспана салынды. 5 мыңға жуық пәтерлі 85 көп қабатты үй және 182 жеке тұрғын үй бой көтерді. Облыс орталығынан бөлек аудандарда, ауылдарда жаңа ықшам аудандар пайда болды. Бұл ретте қабылданған жүйелі шаралардың арқасында облыс орталығында тұрғын үй кезегі 8,3%-ға төмендеді, ал, биыл қаладағы 1400-ден астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұған қоса Жетісу облысында апатты үйлер мәселесі 90 пайызға шешілді.

5. Газдандыру мен ауыз сумен қамту бойынша. Облыс құрылғанға дейін аймақта небәрі 5 елдімекен газдандырылса, қазіргі таңда олардың саны 84-ке жетті. Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын газбен қамту үшін құрылысы жүріп жатқан

«Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры биыл салынып бітеді. Нәтижесінде облыста газдандыруға жататын 192 елді-мекен көгілдір отынмен толық қамтылады. Ал, облыста орталық сумен қамту көрсеткіші –91,3%.

6. Жол құрылысы саласында. Республикалық маңызы бар 500 шақырымға жуық жол реконструкциядан өтті. Транзиттік әлеуеті зор «Талдықорған - Үшарал», «Үшарал - Достық» жолдары пайдалануға беріліп, «Сарыөзек-Көктал» тас жолы, оның ішінде Алтынемел асуының жолы жаңғыртылды. «Жаркент-Көктал» және «Жаркент-Қорғас» жолдарының негізгі учаскелері күрделі жөндеуден өткізілді. 30 жылдайжөндеу көрмеген «Үштөбе-Көлбірлік» автомобиль жолы қалпына келтірілді.

7. Туризм саласында. Жол қатынасының жақсаруы өңірде туризмнің дамуына серпін беруде. Балқаш көліне апаратын жолдың құрылысы аяқталады. Алакөл көліне дейінгі жол жасалып бітті. Үшарал әуежайының ұшып-қону алаңы ұзартылып, ірі ұшақтарды қабылдауға

жағдай жасалды. Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын жолдың құрылысын бастауға қаржы бөлінді. Жасыл көлге дейінгі жол салына бастады. Жалпы өткен демалыс маусымында облысқа келген туристер саны 2 млн. болды.

8. Әлеуметтік салада. Соңғы үш жылда әлеуметтік нысандардың 52%-ға жаңарды. 270 нысан бой көтеріп, күрделі жөндеуден өтті. Сарыөзек ауылында 250 адам қабылдайтын емхана іске қосылды. Инвесторлар Талдықорғанда онкологиялық орталық салады.

Денсаулық сақтау саласында емдеу мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында облыстаөткен жылдан бері республикада бірінші болып ауылдық жерге келген дәрігерлерге 5 млн. теңгеден, қалаға келген дәрігерлерге 5 млн. теңгеден бір реттік көтерме ақы тағайындалды. Бүгінге дейін 110 дәрігерге көтермеақыберіліп, маман тапшылығы 20,3%-ға азайды.

Үш жылда білім беру саласында 20 нысан салынды. Олардың 15-і

– мектеп. Саладағы бейімделген ғимараттар саны 69-дан 39-ға азайды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында Жаркент қаласында 1200 орындық білім шаңырағы пайдалануға берілді. Достық станциясында салынып жатқан дәл осындай мектептің құрылысы аяқталуға жақын, биыл пайдалануға беріледі. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен Талдықорғанның іргесіндегі Ынтымақ ауылында 1200 орындық мектеп ашылды. Ал қайтарылған активтер есебінен Панфилов, Кербұлақ аудандары және Текелі қаласына қарасты Рудничный ауылында 3 мектеп құрылысы жүргізілуде.

Әлеуметтік қорғау саласына келсек, облыс құрылғаннан бері өңірде мүгедектігі бар адамдар үшін 774 нысан бейімделді, инвентар саны 2 есеге өсті, сондай-ақ, әлеуметтік қорғау саласында 20 жаңа нысан ашылды. Солардың қатарында Алакөл жағалауындағы жазғы сауықтыру лагері, аймақтағы тұңғыш иппотерапия орталығы, белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары және балалар мен ересектерді оңалтуға арналған бірқатар заманауи орталықтарын атауға болады. Бүгінгі күні өңірде мүгедектігі бар адамдардың и н ф р а құ р ы л ы м д а р ға қолжетімділік деңгейі 69%-ға жетті, бұл – еліміз бойынша үздік көрсеткіш.

9. Мәдениет және спорт саласында. Облыста бұқаралық спортты дамыту мақсатында 33 спорттық нысан пайдалануға берілді. Соның ішінде «Жетісу» кәсіби волейбол клубының оқу-жаттығу спорт кешені, сол сияқты жеке инвесторлардың есебінен аталған клуб мүшелеріне арналған тұрғын үй, Үстел теннисі орталығы салынып, іске қосылды. Үш жылда өңірде 13 мәдени ошақ жаңадан тұрғызылды, соның бірі – Қаратал аудандық тарихи-өлкетану музейі. Сондай-ақ, 10 нысан күрделі жөндеуден өтті. Олардың қатарында Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалды кешеніде бар.

10. Абаттандыру мен көгалдандыру бағыты. Үш жылда өңірде 11 саябақ, 5 сквер және 2 аллея салынды, 21 саябақ жөндеуден өтті. 360 мың түп көшет отырғызылды. Жыл соңына дейін тағы 60 мың көшет отырғызылады. Бұл ретте жыл басынан бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына 17 мыңнан астам тұрғын қатысты. Сонымен қатар соңғы екі жылда өңірде 197 балалар ойын алаңдары абаттандырылды, биыл тағы 76 алаңды абаттандыру жоспарлануда. Аула аумақтарын абаттандыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мәселен, 2023-2024 жылдар аралығында 166 аула ағымдағы жөндеуден өтті. Олардың арасында Талдықорған қаласының 90-жылдардан бері жөндеу көрмеген «Ұлан» шағын ауданындағы аулалар да бар. Биыл тағы 51 аула абаттандырылады. Сондай-ақ, 140 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу жоспарда бар.

Облыстың 3 жылдағы осы және өзге де өзгерістері туралы «Жетісу» телеарнасы фильм дайындағанын атап өтуге болады. Мұның бәрі кешенді түрде алғанда өзендер өркетеген Жетісу өлкесінің халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, ең алдымен, экономикалық өсу, әлеуметтік бағдарлану, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру ісін одан әрі дамытуға әлеуеті зор екенін көрсетеді.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

**Фототілшілер: Жәніс
ЫСҚАБАЙ, Дмитрий
ЕРОФЕЕВ және фотосурет-
тер облыс әкімі баспасөз
қызметінің архивінен алын-
ды.**



Ақсудың айдынынан тағы да бір аққуы ұшты бақилыққа

Адамзатты аяуды білмейтін сұм ажал арамыздан есімі ауданның құрмет кітабына енген, оқу ағарту ісінің үздігі, Жамалхан Тәңірбергенқызын 70-тің сегізінше келген шағында ортамыздан бақилық өмірге алып кетті. Жамалхан қазақ тілі маманы еді, 40 жылдай бірге Сәтбаев атындағы гимназияда еңбек еттік. Бұл қайғылы қаза біздің отбасымызға да оңай тиген жоқ. Өйткені, біз ұзақ жылдар достық кешіп, қуанышымызды да, қайғымызды да бірге туысқан адамдай бөлістік. Жамалханның жан жары марқұм Сұлтанбек өте бірбеткей жан еді. Көңілі түскен адаммен, мейлі ол өзінен 10 жас үлкен болсын немесе 10 жас кіші болса да бір жыл туған құрдасындай өзіл - қалжыңы жарасып тұрушы еді. Осы мінезі үшін қатты сыйлаушы едім. Біздің осындай достығымыздың берік болуына өмірлік жарларымыз Жамалхан мен Серікқайшаның да үлесі ерекше еді. Жамалханның мінезі көркіне сай ерекше жан еді. Оны Сұлтанбектің жанындай жақсы сыйлайтын құрдасы, досы, әріптесі, екеуі де спорт саласының саңылағы еді. Жұмабек өзінің Аққу мүсін деген шығармасын, мен Жамалханға арнадым деп отырушы еді. Бір үзіндісін қоссам артық болмас.

Пай - пай, мүсіннің де өзің де әсем, Аққусың көлде жүзген терінде сен. Сабырлы, салиқалы мінезіңнен, Жұмбақ жанба деп қалдым, тегінде сен

Сырласыңдай мына өлем бір өзіңмен, Ақындардан жыр туар тегіл десең, - деп жыр шумағын арнаған еді.

Жамалханның өзі де шығармашылыққа өте бейім, өмір бойы бір ізденісте жүретін жан еді. Кезінде тарих тұңғығына кетіп, есімдері ескерусіз қалып бара жатқан халық ақыны Қуат Терібаевпен, ақиық ақын Құдаш Мұқашевтың еңбектерін зерттеп, республикалық дәрежеде конференция өткізгенін көзіміз көрді. Қазіргі таңда екеуінің де еңбектері қайта түлеп, ел игілігіне айналып отыр. Иә, айта берсе Сұлтанбек пен Жамалханның өмір тарихы бір романға желі болар еді. Шүкіршілік ететін бір жай бар, ол екеуі алтын асықтай екі ұлды, күміс қасықтай екі қызды өмірге алып келіп, өмірлерінің жалғасын дұрыс жолға қойып кетті. Өмірден өтеріне екі күн қалғанда, өзі телефон шалып, мені жеңіс күнімен құттықтап, біраз әңгімелесіп мәз болып қалып едік. Кім білген бұл біздің ұзақ жылғы достығымыздың соңғы әңгімесі болатынын. Уақыт деген тоқтаусыз өте шығады деген осы екен ғой. Кеше ғана ортамыздың гүлі болған досымыздың өмірден өткеніне 40 күн толып қалыпты. Қош аяулы дос, енді иманың жолдас болсын. Алдың бейіс, артың ырыс болсын деп тілейміз.

Аманкелді АЙТБАЕВ,
Ақсу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

Жаңа Қазақстанның қоғамдық саяси бағыты



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан» құруға үндеген болатын. Бүгінде қазақ қоғамында Мемлекет басшысы жария еткен «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы ел дамуының басты құжаты.

Бұл дегеніміз мемлекеттік аппараттың толық жаңаруы немесе ел экономикасының қайта түрленуі ғана емес. Бұл - бірінші кезекте қоғамдық трансформация. Жаһандану үдерісінде мемлекетіміздің өзіндік бейнесін жоғалтпай салт-дәстүр мен жаңашыл трендтер, рухани мәдениет пен жаңа технологиялардың сабақтасып, әлем мойындаған отыздыққа енуге нық қадам жасай алуымыз - эволюциялық дамудың айқын бейнесі және қоғамдық сананың сілкінісі. Президент «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын жариялап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси болашағын жаңа мақсатқа бағыттап, бағдарламаның іске асуына жол ашты. Бұл бағдарламада азаматтық қоғамға, халық белсенділеріне үлкен орын беріліп отыр. Себебі елімізде болатын барлық өзгерістер ел игілігіне, халықтың дәулетіне қызмет етуі керек. Ал, оны іске асыру халықтың қолындағы мәселе. Әр мемлекеттің негізгі өндіруші күші - сол елдің халқы. Сондықтан халық, белсенді азаматтар жиналған азаматтық қоғамдарды бұл мәселеден тыс қалдыру дұрыс емес.

«Жаңа Қазақстан» дегеніміз - қоғамдық институттар мен үкіметтік емес ұйымдардың азаматтық қоғам құрудағы батыл бастамаларының жүзеге асуы, әлеуметтік қордаланған мәселерді ақылмен шешіп, ел әл-ауқатының едәуір жоғарылауын, зияткер жастардың тың ойларының қолдау тауып, елдегі жаңа технологиялық үдерістердің ілгерілеуі. Біз осындай мемлекет құруға ынталы болуымыз керек.

«Бүгінгі жастардың көзқарасын өзгерту керек. Осы жұмысты мектептен бастаған абзал. Жоғары мектептің маңызды міндеті кәсіби кадрларды даярлау. Яғни, тәрбие, білім беру және адал еңбек ету бағыттарын жастар арасында дамыту керек. Бүгінде мемлекет біз үшін барлық жағдай жасап отыр. «Жаңа Қазақстан» зияткер ұрпақ, білімді жас, ізденімпаз және жасампаз азамат деген түсінікке сай болуы тиіс.

Мен жастарға сенемін – ұлт болашағына сенемін

Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, халқымыздың рухани тәуелсіздігі мен ұлттық санасын оятуға зор үлес қосқан ақын. Оның «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі – елдің ертеңі саналатын жастарға деген зор сенім мен үміттің көрінісі. Бұл өлең – ақынның отаншылдық рухы мен адамгершілік ұстанымдарын айқын көрсететін шығармалардың бірі. Мақалада осы өлеңге жан-жақты талдау жасалып, жастарға артылған сенім үш негізгі арқылы ашылды.

Жастар – елдің тірегі. Олар – болашақтың иесі. Әрбір елдің ертеңі оның бүгінгі жас буынының санасы мен мінезіне, білімі мен болмысына тікелей байланысты. Мағжан Жұмабаев бұл шындықты терең сезініп, өз шығармашылығы арқылы жастарды елшілдікке, білімге, әділдікке үндейді. Ақынның жастарға арнаған сенімі – ұлт болашағына деген үміт пен махаббаттың көрінісі.

Жастар – ерлік пен қайраттың иесі. Мағжан өлеңін жастардың батылдығын, қайсарлығын сипаттаудан бастайды. Ол жастарды арыстан, жолбарыс, қыран бейнелерімен салыстырып, олардың бойындағы ерік - жігер мен қаһармандық қасиеттерге назар аударады:

«Арыстандай айбатты, Жол-

барыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты — Мен жастарға сенемін!» Бұл жолдарда ақын жастардың күш-қуатына үлкен сенім артады. Олар – тек қана сөзбен емес, іспен дейтін, елі үшін жанын аямайтын рухты азаматтар. Ақын осындай мінез - құлықты нағыз ел қорғайтын тұлғаның сипаты ретінде көреді. Бұл сенім бүгінгі таңда да өз маңызын жойған жоқ. Қазіргі замандағы күрделі саяси, экономикалық жағдайда жастардың белсенділігі – ел тағдыры үшін маңызды фактор.

Жастар – әділдік пен арнамыстың қорғаушысы. Мағжан жастардың рухани тазалығына, ар-намысты биік қоятынына ерекше мән береді:

«Таза жүрек, ақ ниет, Тілегі – хақ, мағлұм бет, Сүйетін, арды құрмет – Мен жастарға сенемін!»

Жастардың жүрегі таза, ниеті адал болғанда ғана олар әділет пен шындық жолында күресе алады. Бұл жерде ақын жастарды моральдық құндылықтарды бағалайтын, өтірік пен аярлықтан аулақ тұлғалар ретінде суреттейді. Мұндай жас ұрпақ – қоғамдағы адалдық пен әділдіктің тірегі. Бұл идея қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықпен күресте, әділ сот пен таза қоғам орнатуда өте өзекті.

Жастар – білім мен жаңашылдықтың бастауы. Мағжан өлеңінде жастардың

білімге, ой-сананың дамуына ұмтылуын ерекше атап өтеді:

«Жаны таза, жүрегі – Ойлауы – от, тілегі – Болса сол жастікі – мен Сенемін жастарға мен!».

Бұл жолдар жастардың парасаттылығы мен интеллектуалды әлеуетіне деген сенімді білдіреді. Ақын білімді, ойлы, жаңашыл жастардың ғана елді алға жетелейтінін жақсы түсінген. Себебі, білім мен ғылым – мемлекеттің дамуының негізгі тірегі. Бүгінгі күні технология мен инновация заманы болғандықтан, Мағжанның осы ойы тіпті де өзекті бола түсті.

Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі – ғасырдан ғасырға жалғасатын, ешқашан мәнін жоғалтпайтын туынды. Бұл өлең – қазақ жастарына арналған сенім манифесті, отаншылдыққа, адамгершілікке үндейтін өсиет. Ақынның жастарға деген сенімі – халықтың болашағына деген сенім. Жастардың қайсарлығы, адалдығы, білімге құштарлығы елдің тағдырын айқындайды. Сондықтан да бүгінгі ұрпақ Мағжан армандағандай биік рухты, арлы, намысты, білімді болуы тиіс. Сонда ғана ақынның сенімі ақталады, елдің болашағы жарқын болады.

Аиша ДҮЙСЕН,
125 international school
Almaty 11-сынып оқушысы.

Мемлекеттік қызмет пен көшбасшылықтың жаңа белесі

Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған, мемлекеттік басқару жүйесіне білікті де білімді жас мамандарды тартуға бағытталған бірегей жоба. Осы уақытқа дейін өткізілген үш іріктеу барысында 60 мыңнан астам үміткер бақ сынап, олардың арасынан 400 жас маман резервке алынды. Қазіргі таңда солардың 80%-ы мемлекеттік органдар мен ұйымдарда табысты қызмет атқарып жүр. Бұл – жобаның тиімділігі мен оның нақты нәтижесін айқындайтын көрсеткіш.

2025 жылдың 1 маусымынан бастап елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталды. Бұл – мемлекетіміздің болашағына бейжай қарамайтын, жаңашыл ойлайтын, бастамашыл жастар үшін үлкен мүмкіндік. Іріктеуге қатысуға ниетті азаматтар 30 маусымға дейін pkrezerv.gov.kz сайты арқылы өтініш бере алады.

Биыл өткізілетін төртінші іріктеудің басты ерекшелігі – әрбір кезеңде салалық бағыттар бойынша пропорционалды іріктеу қағидатын сақтау. Яғни, үміткерлер тіркеу кезінде қай салада еңбек еткісі келетінін нақты көрсетіп, сол бағыт бойынша ғана сынақтан өтеді. Бұл – кадр резервінің құрылымын теңгерімді түрде қалыптастырып, әр салада білікті мамандардың лайықты өкілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іріктеу алты кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – құжаттарды қабылдау. Ол 1 маусымнан бастап онлайн жүйеде жүзеге асады. Екінші кезеңде үміткерлердің мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Ең жоғары балл жинаған үміткерлер келесі кезеңге өтеді. Үшінші кезеңде кандидаттар эссе жаза отырып, нақты проблемалар бойынша өз ұсыныстарын ұсынады. Төртінші кезең – құзыреттерді бағалау, ол ассессмент-орталық пен сұхбат форма-

тында өтеді. Мұнда көшбасшылық, мәселені шешу, проактивтілік сияқты маңызды дағдылар тексеріледі. Бесінші кезеңде үміткерлер сарапшылар комиссиясының алдында әңгімелесуден өтеді, ал соңғы алтыншы кезеңде Ұлттық комиссия 50 үздік кандидаттың есімін бекітеді.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі мен кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, қазақ тілін В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан азаматтары қатыса алады. Алайда, бұл жобаға Президенттің өзі тағайындаған тұлғалар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері және қазіргі резерв мүшелері қатыса алмайды.

Президенттік жастар кадр резерві бұл – ел дамуына нақты үлес қосуға дайын жастарға берілетін сенім мен жауапкершілік. Осы бастаманың арқасында мемлекеттік басқару саласында жаңа форматтағы, бәсекеге қабілетті жас буын қалыптасып келеді. Алдағы жылдарда да бұл үрдіс жалғасып, еліміздің әр салада жаңаруына серпін береді деп сенеміз.

Мемлекеттік қызметке елге адал еңбек етуді мақсат тұтқан, жаңашыл идеяларымен бөлісуге дайын жастар үшін бұл – теңдессіз мүмкіндік. Сондықтан, көшбасшылар қатарына қосылуды қалайтын әрбір жасты осы мүмкіндікті пайдалана Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға шақырамын. Барлық қажетті ақпарат pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді.

Қобылан МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

"Kitap Time – 2025" Республикалық акциясына орай фестиваль

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын – «KitapTime – 2025» жалпы республикалық кітап фестивалі Көкезек ауылдық кітапханасында «Кітап - білім бұлағы» тақырыбында өтті.

Иә, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің ертеңі мен келешегі үшін кітап оқу мен кітап басып шығару ісінің маңызына тоқталып, кітап оқитын ел ғана зиялы ұлтқа айналатынын айтқаны оқырмандарға құ бергендей.

Кітап оқуды кеңінен насихаттау, рухани, интеллектуалдық даму жолында жастарды ын-таландыру және мәдени



құндылықтарымызды халыққа жеткізу мақсатында ұйымдастырылған республикалық шараға ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары, жалпы оқырман қауым қатынасты.

Кітап фестивалі қатысушыларына қызыққа толы әртүрлі бағдарламалар әзірленді. Кітапхана алаңында «Кітап - білім ықлағы» тақырыбында көрме-инсталляция құрылды.

Оқу бөлімінде 14 мамыр күні жыр құлагері, үш арыстың бірі, жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтің туған күніне орай «Поэзия Құлагері» атты поэзия кеші өтті. Кеште поэзияға жаны құштар жастар, оқушылар ақынның шығармашылығынан өлеңдер оқыды.

Фестиваль аясында: «Ақыл - жастан, асыл - тастан» сұрақ - жауап, «Қазақтың мақал - мәтелдері» танымдық ойындар, шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Фестивальға мектеп оқушылары, ұстаздар, кітапхана ұжымы қатысты.

Зүлфия БАПЫШЕВА,
Көкезек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

СӘТсіз отбасымен жұмыс: МӘСЕЛЕЛЕРІ мен ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қоғамда отбасы – бала тәрбиесінің негізгі ұясы ретінде маңызды рөл атқарады. Алайда, кейбір отбасылар түрлі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық себептерге байланысты өз міндеттерін толық орындай алмай, сәтсіз отбасы ретінде қалыптасады. Мұндай жағдайларда мектеп әкімшілігі, сынып жетекші, мұғалімдер мен психологтар белсенді араласуы қажет.

Сәтсіз отбасы – бұл ата - ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бұзылған, тәрбиелік функциясы әлсіреген, әлеуметтік және психологиялық қиындықтарға тап болған отбасы.

Мұндай отбасыларда көбінесе:
ата - аналар ішімдікке салынуы немесе нашақорлықпен айналысуы;

- тұрмыстық зорлық - зомбылықтың орын алуы;
- жұмыссыздық, кедейшілік, тұрғын үй мәселелері;
- бала тәрбиесіне немқұрайлы қарау;
- ата - ананың білім мен тәрбиенің маңыздылығын түсін-бөуі кездеседі.

Қазіргі таңда мектеп тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар оқушының әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық дамуын қолдайтын маңызды мекеме болып отыр.

Әсіресе сәтсіз отбасынан шыққан балаларға мектеп тарапынан көрсетілетін көмек ерекше маңызды.

Мектептің мүмкіндіктері мен рөлі бірнеше бағытта көрініс табады:

1. Психологиялық қолдау көр-сету

Мектеп психологтары сәтсіз отбасынан шыққан оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізеді:

- психологиялық диагностика жасап, баланың ішкі жан - дүниесін түсінеді;
- эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыруға көмектесетін тренингтер ұйымдастырады.

2. Педагогикалық қолдау

Мұғалімдер мен сынып жетекшілер:

- баланың оқу жетістіктерін үнемі қадағалап отырады;
- қосымша сабақтар өткізеді;
- тәртіп пен оқу процесіне бейімделуге көмектеседі.

3. Әлеуметтік көмек

Мектеп әкімшілігі:

- жергілікті әкімдікпен, қайырымдылық қорларымен бірлесе отырып, материалдық көмек ұйымдастырады;
- мектеп ішіндегі қамқоршылық кеңесі арқылы баланың қажеттіліктерін ескеріп, тиісті шаралар қабылдайды.

4. Ата - анамен жұмыс

Сәтсіз отбасымен тиімді жұмыс жүргізу үшін ата - анамен байланыс орнату маңызды:

- ата - аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі;
- үйге бару, тұрмыстық жағдайды бақылау;
- ата - аналарды бала тәрбиесіне тарту, олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған іс - шаралар ұйымдастырылады.

Сәтсіз отбасымен жұмыс – бір ғана маманның емес, бүкіл мектеп ұжымының бірлескен әрекетінің нәтижесінде жүзеге асады. Мектеп – баланың үмітін оятатын, оның болашағына сенім ұялататын басты тірек. Сондықтан мұндай балаларға тек жанашырлықпен қарап қана қоймай, нақты көмек көрсету – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Е.АГАФОНОВА,

"Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ-нің 7 "Б"-сыныбының сынып жетекшісі.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешен-дегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақсу аудандық аумақтық инспекциясы өсімдік шаруашылығы өнімдерін Қытай Халық Республикасына экспорттауға ниетті Қазақстандық экспорттаушылардан өтінімдер қабылдайды, соның ішінде:

- Мақсары
- Күнбағыс
- Зығыр
- Жүгері
- Жонышқа
- Бидай
- Азықтық арпа ұны
- Азықтық бидай ұны
- Бұршақ/ жасымық

Қытайға экспорттау үшін өтінімдер әр тоқсан қабылданатынын хабарлаймыз. Қытай нарығында бизнесіңізді кеңейту мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!



Толық ақпарат, сауалнама, кесте үлгілерін және басқада сұрақтарыңызға жауап алу үшін төмендегі мекен-жайға хабарласыңыз:

Жансүгіров ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі 2А. +77283220032, aksu.rti@mail.ru

Г.САМАТОВА

Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



"Еңбек жолы" Республикалық конкурсынан кеш қалмайық!

Құрметті Ақсу ауданының кәсіпорындары мен кәсіпкерлері!

Сіздерге 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін «Еңбек Жолы» байқауына қатысуға ниетті үміткерлерден өтінімдер қабылданатынын хабарлаймыз.

Конкурстың өңірлік кезеңіне мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) Үздік еңбек әулеті – бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі не-

месе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып та-нылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жас-старды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері – бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) Өндірістің үздік жас маманы – бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

Конкурсқа қатысушылар "Жетісу облысының жұмыспен қамтуды

үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

1. номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2. жеке куәліктің көшірмесін;

3. номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4. конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5. еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6. жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері):

мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері

біліктілікті арттыру туралы сер-тификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады

Конкурсқа құжаттар 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады және obltrudzhetyso@zhetyso.gov.kz электрондық мекен-жайына жолдауыңызға болады.

Қосымша сұрақтар бойынша 8/7282/329261 немесе 8 775 161 87 41 байланыс нөмірлері арқылы біле аласыздар.

Үміткерлерге сәттілік тілейміз!

● МАМАН КЕҢЕСІ

БЕЗГЕК (МАЛЯРИЯ)

Безгек (Malaria - безгек) — бұл инфекциялық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, аласұрғызады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, маса-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталанатын ауру түрі. Безгек - Plasmodium тұқымдасындағы қарапайымдылармен шақырылатын, трансмиссивті механизммен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен, анемиямен өтетін антропонозды инфекция. Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың өсуі болады.

Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады:

Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады, науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырайды. Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40°-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күні бойы сақталады. Ақырында адам малшы-на терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастайды.

Әдетте адамда безгек кезінде әр 2-3 күн сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде қызу күн сайын қайталайды. Ыстықтың түсуі мен көтерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам қанын безгекке тексерту керек. Созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады. Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды зақымдаған

кезде болады (церебральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. (Ескерту: Емшек сүтін ембеген балалар безгекпен тым жиі ауырады).

Инкубациялық кезең:3 күндік безгекте 10-11 күн, овале безгекте 11-16 күн, 4 күндік безгекте 21-24 күн, тропикалық безгекте 9-16 күн)

Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күш-жігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу шаралары жедел іске асырылуға тиіс

Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек.

Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін Сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды.

Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылуыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз.

Егер Сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде хабарлап, айтыңыз және олардан қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз

Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі бак немесе құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын немесе батпақты құрғатыңыз.

А.СЕҢКІБАЕВА,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының маманы.

Ақсу ауданы бойынша отбасыларды қолдау шаралары туралы ақпарат

Отбасы цифрлық картасының соңғы жүктелген деректеріне сәйкес, тізімде Ақсу ауданында 2695 адам тіркелген. Тізім ауылдық округтерге жолданып, топтармен жұмыстар жүргізілуде.

Жұмысшы топтардың жүргізген жұмыстарының нәтижесінде «Д» және «Е» санатындағы адамдардың несиелері бойынша 90 күннен асқан қарыздары бар 264 адам қаржылық сауаттылыққа оқытылып, сертификаттарын алды.

Аудан аумағынан көшіп кеткені 322 адам, құжаттары жоқ – 14 адам, тіркеуде жоқ – 61 адамның тізімдері тиісті мекемелерге жолданды, бүгінгі күнге барлығы 1448 адамның деректері анықталды.

Ағымдағы жылдың 1 мамырына дейінгі мәліметтерге сәйкес, аудан бойынша 1440 көпбалалы отбасыға арнайы жәрдемақы төленді.

Сонымен қатар, бұрынғы жылдар-

дан бастап бала күтімімен отырған азаматтарға төленетін жәрдемақының мерзімі 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұзарған болатын. Бүгінгі таңда аудандағы 194 отбасыға республикалық бюджеттен ай сайынғы төлемдер төленіп отыр.

Бұдан бөлек, аз қамтылған отбасыларға жергілікті бюджет есебінен атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып келеді. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 138 отбасының 750 адамына жалпы сомасы 30 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Оның ішінде 1 жастан 6 жасқа



дейінгі балаларға ай сайын бір жарым айлық есептік көрсеткішке тең көлемде төлемақы берілуде (шамамен 5898 теңге).

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасыларға қолдау көрсету мақсатында, биылғы жылдың екінші жартыжылдығынан бастап “Жанұя” – отбасыларды қолдау орталығын ашу жоспарлануда. Бұл орталықтың басты мақсаты – дағдарыстық жағдайға тап болған отбасыларға психологиялық, әлеуметтік және тұрмыстық қолдау көрсету, балаларын балабақша мен мектепке орналастыру бойынша көмек ұсыну.

Күләш БЕКІШОВА,
Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – баршаның міндеті

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңға сәйкес, мемлекеттік органдар, ұжымдар, жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Осы орайда біздің елімізде «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы», «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» заңдары мен бағдарламаларға, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Заң талаптарын мүлтіксіз орындау - сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты шарты. Бұл ретте атқарылып жатқан шаралар жетерлік. Басқарма мамандарының құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында қолданыстағы заңнамаларды түсіндіру жұмыстары да жолға қойылған және тұрақты түрде құқықтық оқыту сабақтары өткізіліп отырады.

Цифрландыру да сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге септігін тигізетіні анық.

Азаматтардың өкілеттік органдармен тікелей қарым - қатынасы болмауынан жемқорлық саны қысқарып, жалпы жұмыс сапасы жоғарлағанын байқауға болады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары оның міндетті түрде жолын кеседі. Сондықтан, көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Әр азамат өз құқығын жетік білсе, жемқорлыққа жол болмайды.

Ажар РАЗБЕКОВА,
аудандық соттың бас маманы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - қауіпті дерт



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - шаралардың бірі - ақпараттық қауіпсіздігі.

Электронды есептеуіш техниканың а д а м

қызметінің барлық жұмыс салаларында кең қолданылуы қазіргі заманда ғылыми - техникалық прогресстің маңызды бағыты болып табылады. Сонымен қатар ақпарат өңдеу масштабы кең көлемде ұлғаюда, яғни, мүмкіндігінше үлкен көлемді мәліметтердің ақпараттық жүйелер көлеміндегі концентрациясы мен олардың өңделу процесі. Мұндай жүйенің сенімділігі мен функционалдау тұрақтылығы мәселелерімен қатар, ондағы ақпаратты циркуляциялайтын қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Ақпарат қауіпсіздігі – жүйенің бұл берілген уақыт аралығында, яғни, ақпаратты өңдеу кезінде мәліметтердің жоғалуы мен модификациясының минималды ықтималдылығын қамтамасыз ету әдісі.

Ақпарат қауіпсіздігінің ұымдастырылуы мен технологиясы – ол қазіргі ақпараттық технологияларын қолдана отырып ақпарат алмасу, өңдеу және сақтауда оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістерінің; программалық - аппараттық, криптографиялық және ұйымдық - құқықтық әдістердің жиынтығын қамтитын ғылым мен техника саласы.

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің тағы бір жолы заң мен тәртіпті алдыңғы орынға қою. Заң мен тәртіп мықты болған кезде жемқорлықтың тиылатыны сөзсіз.

Д.КИРГАБЕКОВ,
Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор.

"АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР, АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН НЕМЕСЕ АРХИВТІК ҮЗІНДІЛЕР БЕРУ" МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалы архивтерінің негізгі міндеті құжаттарды қабылдау, есепке алу, сақтау және пайдалану. Ең өзекті жұмыстарының бірі Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің, жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын қанағаттандыру мақсатында архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер бере отырып, тақырыптық сұранымдарды да орындау болып табылады. Архив мекемелері берген архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер түпнұсқалық заңды күші бар ресми құжат болып табылады.

«Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығы негізінде архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беріледі, мемлекеттік қызмет көрсету осы қағиданың 2- қосымшасының 6- тармағына сәйкес тегін көрсетіледі.

Барлық азаматтарға архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алу, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру: белгіленген нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы жүргізілген кезде өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс, мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейінгі уақыттар ескеріліп, мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Жауапты орындаушы құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу себептері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен аспайтын мерзімге ұзарту туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алушы немесе оның уәкілетті өкілі жүгінген архивтік анықтаманы орындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- жеке басты куәландыратын құжат немесе өкілдің нотариалды куәландырылған сенімхаты;
- архивтік анықтаманы алушы үшін растауды қажет ететін мәліметтерді, пошталық мекен-жайын, байланыс телефонын, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, стандартта көрсетілген нысан бойынша толтырылған өтініш, (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері өтінішке қоса беріледі).

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалына мына мекен-жай арқылы хат жолдауға болады: индекс:040100, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 61.

Электрондық пошта: aksu.arhiv@mail.ru

А.САРТБАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының архивісті.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің СК «06» ақпан 2025 ж. №2 хаттамасымен келісілді.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыңыз қажет.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336-бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

СУҒА ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДА САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ ҚАЖЕТ

- ✓ РҰҚСАТ БЕЛГІЛЕРІ БАР ЖЕРДЕ ҒАНА ШОМЫЛҒЫЗ
- ✓ ТІКЖАҒАЛАУЛАРДА ОЙНАМАҒЫЗ
- ✓ ҚҰТҚАРУ КЕУДЕШЕЛЕРІН АШЫҚ СУДА (ҚАЙЫҚТАРДА, САЛДАРДА, "БАНАНДАРДА") КИҢІЗ
- ✓ ҮРЛЕМЕЛІ МАТРАЦТАРМЕН ЖАҒАДАН АЛЫС ЖҮЗБЕҢІЗ
- ✓ ҚАЛҚЫМАЛАРДЫҢ АРТЫНДА ЖҮЗБЕҢІЗ
- ✓ СУДА ҚАУІПТІ ОЙЫНДАР ОЙНАМАҒЫЗ
- ✓ БЕЙТАНЫС ЖЕРЛЕРГЕ СУҒА ТҮСПЕҢІЗ

Су қателіктерді
қешірмейді!

Суға шомылу маусымында. Осыған орай суға шомылу маусымы кезінде су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен өзендердің, көлдердің жағалауына жібермеу қажет екенін ескертеміз!

Алайда, су айдындарына жақын орналасқан тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемей-де. Судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орнындарда шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет. Шын мәнінде су жағалауларында демалушылардың қауіпсіздігі әрбір отбасы мүшесіне, яғни,

демалушылардың өздеріне байланысты. Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн?

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар;
- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судын тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;
- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;
- Өте ұзақ шомылмаңыз,

өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;

- Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз;

- Қоршау белгілерінен тыс-қары аумаққа шықпаңыз;

- Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

Есте сақтаңыздар!

Судағы апаттан қорғандық ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

МАМАН КЕҢЕСІ

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫ ҚАУІПТІ АУРУ

Туберкулез жұқпалы ауруларға жатады, ол туберкулез таяқшасынан (Кох бацилласынан) туындайды. Туберкулез көбінесе тыныс алу органдарын зақымдайды, бірақ адамның кез-келген мүшесі (тері, лимфа түйіндері, сүйегі, бүйрегі, көзі, ішкі органдары, орталық жүйке жүйесі және т. б.) зақымдалатын өкпеден тыс формалары да кездеседі.

Туберкулезді науқас адамнан ауа тамшылары арқылы (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде); науқастың қақырығымен, сілекейімен ластанған нәрселерімен немесе заттарымен байланыста болған кезде жұқтырып алуға болады. Кох таяқшасы сыртқы ортада ұзақ уақыт бойы тірі және жұқпалы болып қалады.

Сұйық қақырықта туберкулез таяқшасы 5-6 ай бойы жойылмайды. Ол кепкен күйінде де бірнеше ай бойы өзінің қасиеттерін сақтай алады, содан кейін әлсіз азғаға еніп, инфекция тудыруы мүмкін. Тікелей күн сәулесінен бактериялар 10 минуттан кейін жойылады, шашыраңқы жарық оларды 5-7 күн ішінде жояды. Лас, қараңғы бөлмеде туберкулез таяқшалары ұзақ уақыт бойы өміршеңдігін жоғалтпайды.

Туберкулездің негізгі белгілері: екі аптадан астам жөтел, дене температурасының жоғарылауы, кеудедегі ауырсыну, енгіту, салмақ жоғалту, төбеттің төмендеуі, түнде терлеу, әлсіздік, тез шаршау. Бұл белгілерді өзіңізден немесе жақындарыңыздан байқаған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз!

Баланы туберкулезден қалай қорғауға болады немесе аурудың ең жақсы нәтижесін қалай қамтамасыз етуге болады?

Туберкулезге қарсы алдын алу шараларын жүргізу бала туылғанға дейін басталады. Болашақ баланың қоршаған ортасы (әкесі, атасы, әжесі, ағасы, тәтесі, 15 жастан асқан бауырлары) флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс. Баланың анасы нәресте туғаннан кейін флюорографиялық тексеруден өтуі керек.

Туберкулездің алдын алудың маңызды шарасы туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасын егу болып табылады. Туберкулез ауруының профилактикасы және оның алдын алу мақсатында медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда перинаталдық (перзент-хана) орталықтың егу кабинетінде туғаннан кейін 2-4-тәулікте Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес БЦЖ вакцинасын егу жүргізіледі. Туберкулезге қарсы вакцина туберкулездің ауыр түрлерінің алдын алуға арналған.

Манту сынамасын тексертуге: туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған балалар (отбасылық, туыстық, мектеп (ұжымдық), пәтер және басқа да байланыстар); вакцинация алдында жасы 2 айдан асқан балалар; жоғары тәуекел тобындағы балалар жатады.

Сондықтан, құрметті ата-аналар, Манту реакциясын жүргізуге жолдама алған кезде, емханаға баруды ертеңге қалдырмаңыз, бұл көп жағдайда сіздің балаңыздың денсаулығы үшін маңызды болуы мүмкін.

Есте сақтаңыздар! Туберкулез емделетін ауру, емдеудің толық курсымен уақытымен алса, бұл дерттен құлан таза айығуға болады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЗББ басшысы.

ЕСКЕ АЛУ



Асылдың сынығындай, жұлдыздай жарқыраған құлыным **Нұртасұлы Әділет** бұл пәни өмірді жалпағынан басып жүргенде, 15-ші маусымда орда бұзар 30 жасқа толар еді.

Өткен, бір кем дүние... Алланың жазуына шара бар ма, өзі берген аманатын өзі алған. Қапияда көз жазып қалған құлыным, мәңгі біздің жүрегіміздесің.

Көп еді алға қойған армандарың, Өзіңмен алып кетті жалған бәрін. Кеудемнен оқыстағы жол апаты, Жүрегімді енді ұқтым мәңгі алғанын.

Қайтара алмаймын ғой жылауменен, Досқа адал, бауырмашыл Қыраным-ең... Мәңгілікке құшағымның орынына, Көк аспан айналды ма тұрағыңа?...

Қалайша жүрек жылап сыздасамын, Кім қисын ажалға ерте өз баласын. Алтыным жатқан жерің жарық болып, Торқа боп топырағың мұздасамын.

Өзіңе деген қимастық қалайғана басылсын, Алладан болып шапағат пейіштің төрі ашылсын.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР:
Жиенбаевтар әулеті.

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі өзінің бар болмыс - бітімімен, сән-салтанатымен жан - жақты көрінген бай тіл. «Туған жер-тұғырың, баптасаң тозбайды, туған тіл - қыдырың, сақтасаң тозбайды» демекші, тәуелсіздік тұғырының мықты болуы тіл тазалығына байланысты екенін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Ұлтымыздың биік



АНА ТІЛІН АРДАҚТАЙЫҚ!

ҚАДІРЛІ, БАҒАСЫ АЛТЫН АНАМ ТІЛІ.

І.ЖАНСҮГІРОВ.

мәртебесін, озық мәдени, әдеби мұраларын келер ұрпаққа өз дәрежесінде жеткізуді мұрат еткен кезеңде уақыт жүгінің басымы кітапханашыларға түсуде. Кітап оқу - өнер, рухани жаңғыру кепілі. Оқырмандардың санасына күн сәулесіндей нұрын сіңіріп, адамгершілікке, имандылыққа, оқу-білімге ұмтылуға әсерлі өлеңдерімен тәрбиелейтін Махмұт Қашқаридың даналық сөздері, Жүсіп Баласағұнидің, Өлп - Фарабидің, Ахмет Іүгінекидің өлеңдері, Ахмет Иассауидің хикметтері, ата - баба тарихының асыл мұраларын кітапханадан табасыз. Ұлы Даланың Жеті қырының бірі - жыр. Жер жаннаты Жетісу - текті елдің ғана емес, текті жырдың да атамекені. Олай болса, төрткүл әлемге танылған қазақ тілі, даланың данасы, ұлттың ұлылары толғап, тамсанып, нәрін танып кеткен тіл - ана тілін Ақсудың ардақты перзенті ақын - Ілияс Жансүгіров: Қадірлі, бағасы алтын анам тілі, Сенімен бағаланған балаң түрі, Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп, Сенімен әлдилеген анам

мені-деп жырлап кеткен. Ілияс ақын көзі ашық, көкірегі ояу болғаны үшін қуғындалды, ату жазасы белгіленді. Алайда тілін кесіп, басын алғанмен білімдінің соңында өлмейтұғын хаты, ұрпағының аты қалды. Ақиық ақын өзіне ғана емес жастарға:

- Оқығанда кім болам?
- Жанарыңа нұр болам.
Заманыма ұл болам.
- Дейсіңдерме күн болам?
Мен сендерге тіл болам,
Оқығанда кім болам?

Ауылыма ай мен күн болам, - деген өлең жолдары кейінгі буынның санасына ана тіліміздің құдіретімен тазалығын сақтауға үндеу іспетті. Осылай үлкен үміт артқан ұрпағы - ХХІ ғасырдың жастары - тілі жұлынған қоңыраудай ақтық сөзін айта алмаған ақынның арманының орнын ана тілінің тазалығын сақтай отырып толтырары сөзсіз.

Гүлшат САДУАҚАСОВА,
Қапал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Аудандық "Ақсу өңірі" газетінің ұжымы айтыскер ақын, "Мәкейтанушы", Қазақстан Республикасының "Құрметті азаматы" Бекболат Атамбаевқа жары - ардагер ұстаз, аяулы ана орденінің иегері, білім саласының үздігі

АТАМБАЕВА ШӘМШІБАҢУ НҮСІПЖАНҚЫЗЫНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, бала-шағасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады. Шәмшібану апайымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын. Алла сабыр берсін.

«Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, азамат Аужанов Бижан Аужанович, 2024 жылдың 29 желтоқсан айында қайтыс болды. Қазақстан Республикасының Жетісу облысы жеке-ше нотариусы Ерболаев Алмас Алибекович, 2025 жыл 29 маусым күнінен бастап мұрагерлерді қабылдау бастайды. Мекен жайы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, №100-ші үй, №16-пәтер. Ү.т. (+77786589848).

"Мемлекеттік тіл және БАҚ" республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты - мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жұмыстарын жандандыру.

Байқау өткізудің міндеттері:

1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;
2) бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, теле-, радиобағдарламалар арқылы жұртшылықтың санасын жаңғырту;
3) қазақ тіліндегі контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі - Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерлеген) baqkonkurs@gmail.com электронды пошта-сына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2025 жылғы 1 шілде, сағат: 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;
2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле-, радиобағдарламалар (1 бағдарлама);

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скрин-шоттары (мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.

6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.

7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:

1) тақырыпқа сәйкестік;
2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;
3) мәселені талдау тереңдігі;
4) материалды жеткізу шеберлігі.

9. Байқау екі номинациядан тұрады:

1) «Үздік мақала»;
2) «Үздік теле/радиобағдарлама».

10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандары, ғалымдар кіреді.

11. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

13. Байқауға кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған Қазақстан Республикасының басқа да азаматтары қатыса алады.

14. Байқауға соңғы 3 жылда бас жүлде және бірінші орын алған жеңімпаздар қатыстырылмайды.

15. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

16. Үміткерлердің Байқауға ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін көпшілікке аша алуы қажет. Материалдарды бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистик қабілеттері де ескеріледі.

17. Байқауға қатысушы коммуникативтік ресурстарды орынды қолданып, заманауи медиатехнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілінің қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

18. Байқауға қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуына кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

19. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

20. Байқаудың жеңімпазы мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Анықтама үшін: Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне хабарласуға болады.

Байланыс телефоны: 87755865623 Айна Шекеқызы Елубаева.

Біз өскенде туған жерімізді таза ұстауға үзде береміз!

Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде 1 - 4 сынып оқушылары арасында "Таза Қазақстан" тақырыбында ұйымдастырылған ЭССЕ/

"Туған елге деген сүйіспеншілік табиғатты сүюден басталады".



Табиғат - ол ең басты байлығымыз. Адамзаттың өзі табиғаттың бір бөлігі болып саналады. Себебі адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Адамдар керектің барлығын табиғаттан алады. Қазақта адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ деген мақалды бекер айтпаған. Сондықтан табиғатты барынша таза ұстауымыз қажет.

Біздің президент атамиз «Таза Қазақстан» акциясын ұйымдастырды. Қазіргі таңда елімізде табиғатты қорғауға,

таза ұстауға арналған әртүрлі шаралар ұйымдастырылуда. Сондай шараның бірі өз мектебімізден басталып жатыр. Әр бейсенбі күні мектебімізде сенбілік өтеді. Ол жерде ауылымызды таза ұстау үшін жоғары сынып оқушылары тазалық жұмыстарын жүргізеді. Біз өзiрге кішкентай болғандықтан сыныбызда тазалық жұмыстарын істейміз. Солай елімізді таза ұстауға атсалысамыз. Табиғатты қорғау, оны таза ұстау біздің басты міндетіміз.

Біз өскенде туған жерімізді таза ұстауға үзде береміз!

Сымбат ОТАНҒАЖЫ,
«Мамания орта мектебі, мектеп-ке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 3-сынып оқушысы.

Сынып жетекшісі: Б.МЫРЗАШЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

24.06.2025 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Жетісу облысының Ақсу ауданында орналасқан "Байгонов М.А." шаруа қожалығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Байгонов М.А." шаруа қожалығы, мекенжайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Бейбітшілік көшесі, 7 үй, 1А офис. Тел.87714432555, bagi_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертүүлەر ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 24.06.2025г в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для Крестьянского хозяйства «Байгонов М.А.», расположенного в Аксуском районе области Жетісу (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: Крестьянское хозяйство «Байгонов М.А.», адрес: область Жетісу, Аксуский район, с.Капал, ул.Бейбітшілік, дом 7, офис 1А. тел.87714432555, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомление с проектом можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІН
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2827

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.